

«6D020800-Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған **Билалов Сейдали Умиртаевичтің - «Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалардың типологиясы мен фортификациясы»** тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	1.1 Билалов Сейдали Умиртаевичтің «Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалардың типологиясы мен фортификациясы» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына және Қазақстан Республикасы мемлекеттік бағдарламалары бағытына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысында Сырдарияның төменгі ағысындағы ерте орта және орта ғасырлардағы қорғаныс құрылыстары бар қалалық және ауылдық қоныстардың қалыптасуына және даму динамикасына анықтама берілген.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді	1) Диссертацияның кейбір тарауларын орындау барысында ізденуші өзі орындаушы ретінде қатысқан ҚР ЖБЖҒМ ҒК тарапынан қаржыландарған ғылыми жобалар нәтижелерін және аймақтық бюджет есебінен қаржыландырылған ғылыми жобалардың нәтижелерін ұтымды пайдаланған. 2) Диссертант зерттеу жұмысын Қазақстанның материалдық тарихи-мәдени мұрасын зерттеуге және қазақ қоғамының рухани дамуының негізін зерделеуге бағытталған ҚР 2007-2011 жж. жүзеге асырылған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы мен 2022-2024 жж. орындалған «Рухани жаңғыру» бағдарламалары аясында жүргізілген зерттеулер нәтижелерін негізге ала отырып орындаған. 3) С.У. Билаловтың диссертациясы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.

2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыста Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық бекіністі қалалар мен қоныстар материалдары, оларды кешенді археологиялық зерттеулер барысында қолданған пәнаралық жаратылыстану-ғылыми әдістері арқылы алынған нәтижелері негізінде сипатталады. Сонымен бірге ескерткіштерде жүргізілген гео-археологиялық және мәдени типологиялық зерттеулер нәтижелері ғылыми айналымға енгізілген. Ізденуші Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан қорғаныс құрылыстары жақсы сақталған ортағасырлық қоныстар мен қалаларды зерттеу барысында жиналған деректер қорындағы археологиялық материалдарды ғылыми тұрғыда талдауы нәтижесінде, Сыр бойында ерте орта ғасырлар мен этнографиялық кезең аралығында, құрамы түрлі этностық топтардан құралған тайпалар қоныстанған, тығыз орналасқан қалалық мәдениет болғандығын анықтаған. Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық бекіністі қалалар мен қоныстар топографиялық жоспарына салыстырмалы талдаулар жүргізіп, оларды мерзімдік, аумақтық орналасу, археологиялық ерекшеліктеріне байланысты типологиялық классификациясын жасаған. Ескерткіштерден алынған остеологиялық материалдарға жүргізілген зертханалық талдаулар нәтижесінде олардың нақты мерзімдерін анықтаған. Ортағасырлық қоныстардың қорғаныс жүйелерін талдап, оларды салу әдістеріне көршілес тайпалар ықпалының болғанын анықтаған. Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, маңыздылығы ашылған. 2.1 Қосады, ашылған.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа;	Билалов Сейдали Умиртаевич диссертациялық жұмысын өзі орындаған, жазу деңгейі жоғары. Жұмысты орындау барысында

		3) төмен; 4) өзі жазбаған	диссертант көп көлемдегі материалдарды игерген. Диссертацияны жазу барысында ғылыми әдебиеттер, архивтік құжаттар салыстырыла талданып берілген. Ғылыми жұмыста археологиялық материалдар салыстырмалы талданып, алынған нәтижелерге өзіндік пікір білдірген. Оларға тұжырымдамалар жасалып жаңа қағидаттар ұсынған. 3.1 Жазу деңгейі жоғары
4	Ішкі принципі бірлік	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық тақырыптың өзектілігінің негіздемесі төмендегі мәселелерді шешу барысында негізделген: 1. Диссертацияда Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалық ескерткіштер мен олардың зерттелу тарихы егжей-тегжейлі қарастырылған. Сонымен бірге Арал теңізінің оңтүстігіндегі Сырдария өзенінің көне арналарының алмасуы және жер бедерінің қалыптасуы тарихына тоқталып өткен. Көне арналар мен ерте орта ғасыр кезеңі қоныстары мен қалаларын байланыстыра карталар құрастырған. 2. 1946 ж. ХАЭЭ-ның кешенді зерттеу жұмыстары барысында аталған аймақтың көне дәуір ескерткіштері мен ерте ортағасырлық қалалық және қоныстық ескерткіштерін сипаттау, сызбасын жасау, әуеден суретке түсіру және т.б. заманауи әдістерді қолданып зерттеулер жүргізу арқылы олардың типологиялық жіктемесін жасаған ХАЭЭ жетекшісі С.П. Толстов болатын. Алайда ХХІ ғ. зерттеудің жаңа тәсілдерін пайдаланып жүргізілген жұмыстар нәтижелері, 70 жылдан астам уақыт бұрын жасалған типологиялық жіктеуді қайта қарастыруды қажет екенін көрсеткен. Диссертант археология ғылымында қазіргі заманға қолданылып жүрген кешенді ғылыми зерттеу әдістерін пайдаланып, ортағасырлық ескерткіштердің жаңа типологиялық классификация ұсынады. Осындай инновациялық тәсілдер арқылы орындалған диссертациялық

		жұмыстың өзектілігі айқын болып табылады. 3. Диссертант Сырдарияның төменгі ағысындағы ерте ортағасырлық бекіністі қоныстар мен қалалардың қорғаныс құрылыстарын археологиялық зерттеу барысында қолданылған пәнаралық және жаратылыстану ғылымы әдістері арқылы алынған нәтижелерді зерттеу жұмысын жазуда тиімді пайдаланып Сырдарияның төменгі ағысында ерте ортағасырлық қалалардың қорғаныс жүйелерінің дамуын сипаттайды және зерттеу барысында алынған нәтижелер бойынша ой-тұжырымдар ұсынады. Зерттеу жұмысының ішкі бірлігі сақталған. 4.1.1 Жұмыстың өзектілігі негізделген.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыс мазмұны зерттеу тақырыбын толық ашады. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімі мен тақырыптар бойынша топтастырылған бес қосымшадан тұрады. Барлық тараулар логикалық тұрғыдан байланысады және алдына қойған мақсаты мен міндетіне толығымен жетіп отыр. Әр тарау негізгі ішкі құрылымы бір бірімен сабақтасады және толық қорытындыда сәйкестілік бар. Ғылыми жаңалығы мен жасалынған тұжырымдары зерттеудің мазмұнын айқындауға сәйкестігімен сипатталады. 4.2.1 Айқындайды
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбында қойылған мәселені шешуге сәйкес келеді. Диссертант Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық кезеңдегі табиғат жағдайларын қалпына келтіру, ортағасырлық бекіністі қалалар мен қоныстардың зерттелу тарихын қарастыру, олардың ішкі, сыртқы белгілері мен атқарған қызметтері бойынша типологиясын жасау, қоныстар мен қалалардың қорғаныс құрылыстарының даму динамикасын сипаттау мақсатында 10-нан аса мақсаттар мен міндеттер қойып,

		мәселені шешу жолдарын ұсынады. Диссертациямен танысу барысында әр тарауда қойылған мақсат бойынша жұмыс жүргізіліп, міндеттері іске асқаны байқалады. Зерттеу нысанын бір жүйеде игере алған. 4.3.1 Сәйкес келеді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертация тараулары мен бөлімдері құрылымдық жағынан бір-бірімен толық байланысады. Ізденуші зерттеу жұмысын орындау барысында, әр тараудың соңындағы бөлімдерде қорытынды ұйғарымдар шығарған. Геоакпараттық жүйелер көмегімен ортағасырлық қалалардың ландшафт бетінде орналасуын дәл анықтап, кешенді талдау жұмыстары барысында Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық бекіністі қалалар мен қоныстардың орындарын бірнеше карталарда нақты көрсетеді. С.У.Билалов Сырдарияның төменгі ағысын бірнеше табиғи аудандарға бөліп олардың толықтай сипаттамасын ұсына отырып, қалаларды мерзімделуі мен орналасуы бойынша топтастыру секілді бірінен соң бірі келетін логикалық тұрғыда толыққанды бөлімдер мен тараулар құрастырған. Ізденуші зерттеу жұмысының қосымшасында жазылған мәтіннің дәлелдік базасын жақсы көшірмелер мен сызбалар, аэро-фото, фотосуреттермен көрсеткен. Қол жеткізген нәтижелері мен ұсынған пайымдаулары диссертацияның маңыздылығын арттырады. Барлық тараулар, бөлімдер логикалық байланысып тақырыптың мазмұнын толық ашады. 4.4.1 Толық байланысқан.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (кагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне	С.У.Билалов ұсынған жаңа шешімдер дәлелді. Ізденуші бұрыннан белгілі шешімдерге негізделген ой-тұжырымдарды талдап, оларды мазмұндық тұрғыдан тиімді пайдаланған. Зерттеу үшін таңдап алған әдіс-тәсілдері арқылы қол жеткен нәтижелері мен тарихи фактілерге негізделген өз көзқарасын диссертацияда кеңінен баяндаған. Сырдарияның төменгі ағысындағы

		емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	ортағасырлық қалалардың типологиясы мен фортификациясы ерекшеліктеріне байланысты проблемалық-хронологиялық және аудандастыру әдістерін қолданып, қалалардың топографиясындағы ішкі және сыртқы белгілері бойынша талдап жұмысты жазу барысында мерзімдік және аумақтық типтер бойынша жіктеу ұсынған. Ескерткіштерден алынған археозоологиялық материалдар мен топырақ үлгілеріне жүргізілген зертханалық талдаулар арқылы қалалардың мерзімделуі мен сол кезеңдегі экологиялық ахуалы жайлы тың тұжырымдар ұсынған. 4.5.1 Сыни талдау бар.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған ғылыми нәтижелер мен пікірлер толығымен жаңа деуге болады. Ізденуші 2011-2023 жж. аралығында Сырдың төменгі ағысында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарына тікелей қатысып бірқатар ақпараттар жинақтаған. Зерттеу барысында келесі жаңалықтарға қол жеткізген: 1. XVIII ғ. бүгінге дейін Сырдария бойының ортағасырлық қалаларын зерттеу барысында жиналған архивтік-кітапнамалық мәліметтер талданып, өңірдің зерттелу тарихы мерзімі мен идеологиялық сипатына қарай жүйеленіп кезеңдерге бөлінді; 2. Сыр бойындағы қоныстар тіршілігі көне арналарда су ағынына байланысты түсіндірілді, V–XIV ғғ. арасында тіршілік еткен қалаларды мерзімдеу арқылы арналар суланған уақыт нақтыланып, олардың көшу карталары жасалды. V–XIV ғғ. аймақтағы қоңыржай климат аралас шаруашылық түрінің қалыптасуына тигізген ықпалы анықталды; 3. Жазба деректер мен археологиялық зерттеулер барысында қорғаныс қабырғалардан алынған мәліметтерді салыстыра талдау негізінде және материалдарды жаратылыстану ғылымы әдістерімен зерттеу арқылы жекелеген қалалардың қалыптасуы, дамуы, құлдырауы мерзімделді;

		4. Зерттеу аймағында ортағасырлық қорғаныс құрылыстары бар қалалардың ішкі топографиясы жан-жақты сипатталып, олардың жоспарында түрлі құрылымдардың маңызы нақтыланды, Шығыс Арал маңы ортағасыр ескерткіштерінің қорғаныс құрылыстары тарихына қатысты маңызды жаңа археологиялық материалдар ғылыми айналымға енгізілді; 4. Ортағасырлық қалалар мен қоныстарды қызметтерін көрсететін ішкі, сыртқы белгілері, аумақтық орналасуы бойынша топтастырып, құрылымдық ерекшеліктері, жекелеген белгілеріне қарай типологиялық жіктеуі жасалды; 5. Ортағасырлық қалалардың фортификация жүйелерінің даму үдерісі, өзіндік жергілікті ерекшеліктері, қорғаныс элементтерінің сатылап даму жолдары анықталып, қорғаныс құрылыстары элементтерінің жеке талданып сипаттамасы жасалды; 6. Қорғаныс құрылыстарын салуда пайдаланған материалдары мен әдістерінің ерекшеліктері ғылыми тұрғыда сипатталып, олардың тактикалық-стратегиялық жоспары талданған. Қорғаныс жүйелерінің даму сипатына әскери-шабуылдау техникалары дамуы әсерінен орын алған өзгерістердің себептері нақтыланған. Барлығы толықтай жаңа ғылыми нәтиже болып табылады. 5.1.1 Толығымен жаңа.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Диссертацияда Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қорғаныс құрылыстары бар қалалар мен қоныстар туралы ақпараттарды бір жүйеге келтіріп, олардың мерзімделуі мен орналасуына байланысты жаңа мәліметтер және ғылыми тұжырымдар енгізген. Ғылыми жұмыста Сырдың төменгі ағысында орналасқан ортағасырлық қалалардың қорғаныс

			жүйелері жеке тарау ретінде қарастырылған. Диссертация жүйелі түрде жоспарланған, зерттеу жұмысын орындау барысында кешенді әдістер қолдану арқылы жаңа мәліметтерге қол жеткізген. Қорыта айтқанда ізденуші ғылыми айналымға жаңа мәліметтер қосып отыр. 5.2.1 Толығымен жаңа
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыс «6D020800 - Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған және гуманитарлық бағыт бойынша әзірленгендіктен, техникалық технологиялық басқару шешімдерін талқылауды мақсат етпейді. Жұмыс техника технология әдістермен орындалып, нәтижелері толығымен жаңа мазмұнда негізделген. 5.3.1 Толығымен жаңа
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста зерттеуші келтірген барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан сенімді, ауқымды дәлелдемелерге негізделген.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін	Зерттеу жұмысын жазу барысында ғылыми мәселені қоя білген. 1-қағидат бойынша диссертациялық жұмыста Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалар жайлы өлкетанушылық (XVIII ғ. – XX ғ.) кезеңде жиналған мәліметтер мен 1946-2023 жж. арасында жүргізілген заманауи археологиялық зерттеулер кезінде жиналған архивтік-библиографиялық материалдар талданып өңірде жүрген зерттеулер тарихы саяси-идеологиялық кезеңдерге байланысты бөлінген. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә

	емес. 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жанашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	2-қағидат бойынша Сырдарияның көне арналары бойында V–XIV ғғ. мерзімделген қалалардың тіршілік әрекеті толығымен қоршаған ортаға тәуелді болып, өңірде тіршілік еткен қоныстық ескерткіштердің пайда болу, даму, құлдырауы себептері тікелей арналардағы су ағынымен байланысты болғаны анықталған. Ортағасырлық қалалардың өмір сүрген уақытын анықтау арқылы көне арналарда су ағыны жүрген уақытты нақтылап, осы негізде арналардың әр тарихи кезең бойынша өзгеру картасы жасалған. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә 3-қағидат бойынша дереккөздер мәліметтері мен археологиялық зерттеулер нәтижелерін салыстыра талдаудың және соңғы жылдары жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында алынған сынамаларға жасаған радиокөміртекті талдаулар нәтижесінде Жетіасар жазығында Қуандария арналары бойындағы және Ескідариялық арнасы бойындағы жекелеген қоныстардың IV-V ғғ. қалыптасып X-XI ғғ. дейін тіршілік еткен уақыты нақты мерзімделген. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә 4-қағидат бойынша зерттеу аймағында археологиялық зерттеу жүргізілген ортағасырлық қалалардың тарихи топографиясына жазба деректер, картографиялық материалдар мен археологиялық қазба нәтижелерін қолданып, талдаулар жасалды. Ортағасырлық қорғаныс құрылыстары тарихына қатысты маңызды материалдар ғылыми айналымға енгізіліп, елді мекендерді жоспарлауда қоршаған жер бедері ескеріле салынған құрылымдар маңызы анықталған. 7.1. Дәлелденді
--	---	---

			7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі орташа 7.5. Иә. 5-қағидат бойынша Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қоныстар жоспарында цитадельдің болуы, орналасуы, қалаға қатынасы, көшелер жоспары сияқты ішкі белгілері, қаланың көлемі, пішіні, қабырғалар біртұтастығы, мұнаралар болуы мен олардың пішіндері секілді сыртқы белгілері бойынша атқарған қызметтері айқындалған. Қалалардың топографиялық жоспарлануы, орналасуы, құрылым ерекшеліктері, ұқсастықтары және сабақтастықтарына қарай типологиялық жіктемесі жасалған. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә. 6-қағидат бойынша аймақтың ортағасырлық бекіністі қоныстарына тарихи талдау жүргізуде қорғаныс жүйелері олармен қатар дамығаны анықталған. Қалалар пайда болуы мен ғасырлар бойы үздіксіз дамуы барысында қалыптасқан жергілікті ерекшеліктер мен қорғаныс құрылыстардың бөліктері кезең-кезеңімен даму сатыларынан өткені айқындалған. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә. 7-қағидат бойынша ортағасырлық қалалар қорғаныс жүйелерін салуда қолданған құрылыс салу әдістерінің көршілес аймақтармен ұқсастықтары нақтыланған. Ортағасырлық инженерлік құрылыстар мемлекеттердің маңызды стратегиялық қалалары мен тірек нүктелеріне жоспарланып салынғаны, ежелгі тайпалардың қоныстарды қорғауға табиғи кедергілерді бейімдеп, жер бедерін пайдаланғаны айқындалған.
--	--	--	---

			Қорғаныс жүйелердің дамуына әскери полиоркетиканың ықпалы жоғары болғаны нақтыланған. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә.
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) иә; 2) жоқ	Қойылған міндеттерді шешу үшін жұмысты жазу барысында жалпы ғылыми және тарихилық қағидаты қолданылған. Диссертацияның негізгі зерттеу нысандары ортағасырлық қалалар мен олардың қорғаныс құрылыстары болуы себебі жұмыста жалпы ғылыми әдістермен қатар археологиядағы барлау, қазба жүргізу арқылы жаңа ескерткіштер тіркеу секілді әдістері де пайдаланылған. Мәліметтерді талдау және түсінік беру үшін мерзімдік сәйкестендіру, салыстыра типологиялық жіктеу, нысандарды салыстыра отырып сипаттау әдістері қолданылған. Сонымен қатар жаратылыстану пәндеріне жататын магниттік, электрлік барлау әдістері, палеотопырақтану талдаулар кеңінен қолданылған. Биологиялық материалдарға радиокөміртектік мерзімдеу жасалған. 8.1.1 Иә
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ	Зерттеу жұмысын жазу барысында компьютерлік бағдарламалар яғни, көне арналар мен қалалардың нақты орналасуы картасын жасауда ГАЗ қолданылған. Біршама қалалардың топографиялық жоспары жаңа лазерлік тахеометр көмегімен түсіріліп, компьютерлік бағдарламада өңделген. Жекелеген қалалар мен қоныстардың әуеден түсірілген фотосуреттері компьютер арқылы өңделіп ортофотосы жасалған. 8.2.1 Иә
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен	Теориялық тұжырымдар мен қорытындылар кешенді зерттеулер барысында дәлелденіп расталған. Сырдың төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалар, бекіністі қоныстар, олардың фортификациясы ғылыми тұрғыда толық сарапталған.

		дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жоқ.	Қалалар мен қоныстардың пішіні мен құрылым ерекшеліктері Қазақстанның оңтүстік аймағы мен көршілес Өмударияның төменгі ағысы аумағы қоныстарымен салыстыра сипатталып ерекшеліктері айқындалған. Диссертациядағы теориялық қорытындылар мен тұжырымдар нақты археологиялық материалдарға және бұрынғы зерттеушілердің көзқарастары мен пікірлеріне сүйене отырып дәлелденген және расталған. 8.3.1 Иә
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертацияның теориялық-әдістемелік негізі дұрыс. Диссертациялық жұмыста келтірілген ақпараттар нақты әрі сенімді. Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде диссертациялық жұмыстың маңызды мәліметтерін растайтын архивтік: РҒА Н.Н. Миклухо-Маклай атын. ЭАИ архив қорындағы ХАЭЭ материалдары, ҚР ҒЖБМ Ә.Х. Марғұлан атын. АИ Сырдың төменгі ағысындағы ескерткіштерде жүргізілген археологиялық экспедициялардың есептері сақтаулы архив қоры, Қорқыт Ата атын. ҚУ Археология және этнография ҒО ғылыми есептері қаралған. Сонымен қатар қарастырылып отырған мәселе бойынша басқа зерттеушілердің еңбектерін талдап жұмыстар жасаған. 8.4 Расталған
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 397 библиографиялық көсеткіштен тұрады. Тақырыпқа сай архив материалдары, диссертациялық жұмыстар, отандық және шетелдік ғылыми мақалалар тізімі ұсынылған. 8.5 Жеткілікті
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Зерттеуде ұсынылған нәтижелер Қазақстандық және Орта Азиялық тарих, археология ғылымдарының дамуына өз үлесін қосады деген сенімдемін. Зерттеу барысында ұсынылған теориялар, қолданылған әдістемелер мен қағидаттар келешекте жүргізілетін

			басқа да зерттеулерде пайдалануға болады. 9.1.1 Маңызы бар
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иә; 2) жоқ.	Зерттеу жұмысының нәтижелері ерте орта және ортағасырлық кезеңдердегі Сырдария бойы қалалары жайлы топтама еңбектер мен оқулықтар жазуда, жоғарғы оқу орындарында арнайы курстар оқытуда қолдануға болады, сонымен бірге ортағасырлық кезеңдегі урбандану процесстері мен ортағасырлық фортификация жайлы еңбектер мен оқулықтар жазуда қолдануға болады. Сондай-ақ Сыр бойындағы ортағасырлық қалалық ескерткіштерге туристік саяхат маршруттарын ұйымдастыруда пайдалануға болады. Аспан асты музейлер мен тарихи тақырыптарда көрмелер ұйымдастыруда да пайдаланылуы мүмкін. 9.2.1 Иә
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Тәжірибелік ұсыныстар толығымен жаңа, себебі диссертация Сырдың төменгі ағысында ортағасырларда тіршілік еткен бекіністі елді мекендері мен ірі қалаларының типологиялық жіктеуі жасалған, олардың фортификациялық жүйелеріне кешенді әдістер қолдана отырып зерттеу жүргізген бірден-бір ғылымы еңбек болып отыр. Аталған аймақта ғылымға бұрыннан белгілі ескерткіштердің сипаттамасы жаңа қырынан ұсынылған және олардың қалыптасып дамуына қатысты құнды мәліметтер қамтыған еңбек болып табылады. 9.3.1 Толығымен жаңа
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертация жоғары деңгейде, академиялық стиль талаптарын орындай отырып жазылған. Ғылыми жұмыстың Кіріспесі, негізгі бөлімдері және қорытынды бөлімі мазмұны мен көлемі тұрғысынан негізделген әрі дәйектілікпен жазылған. Жұмыс мәтінінде орфографиялық қателіктер жоқ деп айтуға болады. Зерттеу тақырыбы ашылған, дәл әрі құнды материалдарға бай толыққанды дайындалған зерттеу жұмысы болып табылады. 10.1 Жоғары

11	Диссертацияға ескертулер	Жұмыс барлық талапқа сай, ретімен жазылғандықтан жоғарыда айтылған сын ескертпелер диссертацияның құрылымына нұқсан келтірмейді.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Ғылыми нәтижелерге қол жеткізу мақсатында диссертант ғылыми жұмыста қозғалған мәселелер бойынша 2011 жылдан зерттеулер жүргізіп келеді. Соңғы жылдары Сыр бойында жүргізілген кешенді зерттеулер нәтижелерін конференция материалдары мен жинақтарында жариялаған. ҚазҰУ-дің докторантура курсына оқуға қабылданған соң ортағасырлық қалалардың қалыптасуы, дамуы, типологиялық жіктелуі мен қорғаныс жүйелерінің дамуы бағытында зерттеу жұмыстарын жалғастырған. Ізденуші зерттеулері нәтижелерін 26 ғылыми мақалада жарияған. 3 мақаласы Scopus ғылыми-метриялық деректер базасына енген басылымда, 7 мақаласы ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Билалов Сейдали Умиртаевичтің - «Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалардың типологиясы мен фортификациясы» тақырыбында дайындалған диссертациясы ҚР Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қағидаларына толық сәйкес келеді деп есептеймін. Сондықтанда, «6D020800 -Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімімді ұсынамын.

Ресми рецензент:

Манас атындағы Халықаралық Қырым-Татар университетінің профессоры, т.ғ.д.



Қ.Ш. Табалдыев

Заберию подпись К.Ш. Табалдыев
 Масамбетова Е. Ш
 и.о.к.